

# МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ



Шығыс Қазақстан облысы, Абай атындағы кітапханада әр сарсенбі сайын дәстүрлі түрде «Алаш» жобасы аясында тікелей бейне байланыс етіп тұрады. Үстіміздегі жылдың наурызында тікелей әфир қонағы саяси ғылымдардың докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, мемлекет қайраткері, Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі Бәкір Әбдіжәлел Қошқарұлымен «Мұстафа Шоқай Тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы»: атты бейнедәріс еткізді.

Шара барысында жалынды зангер-ғалым, халықаралық дәрежедегі саяси күрескер, білімдар, терең ойшыл Мұстафа Шоқайдың табанды күрескерлік қызметі мен енегелі емірі жайлы хабардар етілді.

Ұлы күрескердің өмірінің шынайы мұратын, оның саяси қызметінің мәнін, шығармашылық мол мұрасының басты ойы «Тәуелсіздік» ұғымы екендігін, 1924-1934 жылдары Ұлыбританияда алты рет болып, ұлт тәуелсіздігі тақырыбында баяндама жасағандығын тілге тиек етіп, бұл мақалага тыңдарман үлкен қызығушылық танытқандығы жайында мағыналы ойын ортаға салды. Шығармалары мен саяси қызметі, оның ішінде тек 230 шығармасы Түркістанның тәуелсіздігі мен тұтастығына арналғанын атап етті.

1929-1939 жылдары «Яш Түркістан» журналында жарияланған 200-ден астам мақалалары алғаш

екі томдық болып 1998-1999 жылдары жарыққа шықты. 2007 жылы осы басылым толықтырылып, үш томдық болып қайта басылды.

Дәріс барысында Әміре мен Шоқайдың кездесуі және Шоқайдың атальмыш жинаққа енбеген 5-6 мақаласы табылғандығы туралы да ақпарат берілді.

Сөз соңында осындағы асқақ та, қайсар тұлғаның артында қалған телегей-теңіз мол мұрасы әлі де зерттей, игерे түсуді қажет етеді, оның шығармаларындағы идеяны менгеру керектігіне тоқталды. Мұстафа Шоқайдың, өз ұлтының тәуелсіздігі мен азаттығын ойлаған бүкіл Алаш алыптары сияқты, ешпес мұраттары мен идеяларын қазіргі тәуелсіз еліміздің шындығынан туған Президентіміздің ой тұжырымдарымен астастыра отырып қана рухани жаңғырып, ғасырлар бойы күресіп, қол жеткізген тәуелсіздігімізді тұғырлы ете алатынымызды қатаң ескеруіміз қажет.

Алары мол бұл шараға Шығыс өңірінің кітапханашылары қатысып, тиісті сұрақтарын қойып, алғыстарын білдірді.

Замзагул Толтайқызы Мұқанова  
Абай атындағы кітапхана  
белімінің менгерушісі  
Семей қаласы.